## Меңдіқара ауданы бойынша жекешелендіруге жататын аудандық коммуналдық меншік объектілерінің тізбесін бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 5 қазандағы № 290 қаулысы. Қостанай облысы Меңдіқара ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 4 қарашада № 9-15-156 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 26 наурыздағы № 119 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 26.03.2012 № 119 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 18-бабына сәйкес Меңдіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меңдіқара ауданы бойынша жекешелендіруге жататын аудандық коммуналдық меншік объектілерінің қоса ұсынылған тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.Т. Тұрағұловқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* *Б. Жақыпов*

Әкімдіктің
2011 жылғы 5 қазандағы
№ 290 қаулысымен бекітілген

## Меңдіқара ауданы бойынша жекешелендіруге жататын аудандық коммуналдық меншік объектілерінің тізбесі

| Реттік саны | Объектінің атауы | Объектінің мекен-жайы және баланс ұстаушысы | Негізі |
|---|---|---|---|
| 1 | "Dodge Durando" автокөлігі, мемлекеттік | Меңдіқара ауданы Боровской селосы Королев көшесі, | Аудан әкімі аппараты басшысының 28.09.2011 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | нөмірі Р 024 АА, 2004 жылы шығарылған | 5, "Меңдіқара ауданының әкім аппараты" ММ | жылғы № 06-53/1026 хаты |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК